

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес мұнай-газ құбырларына арнап қара металдан жасалған бұрын қолданылған құбырларды сыныптау туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 3 шілдедегі № 81 шешімі Кеден одағының Кеден кодексінің 52-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Сынуы, тілінуі, тозуы салдарынан немесе басқа да себептерден олардың арнап қойылған сапасында пайдалану үшін түбегейлі жарамсыз мұнай-газ құбырларына арнап қара металдан жасалған бұрын қолданылған құбырлар, оларды басқа мақсаттарға қайта пайдалану мүмкіндігінің болуына қарамастан, Сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1-қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 7204 тауар позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*